Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылу жағдайына талдау жасады. (анықтама қоса жалғанады).

2023-2024 оқу жылында 30 даму мүмкіндігі шектеулі білім алушы тіркелді.

Денсаулығына байланысты ПМПК, ВКК қорытындысы нәтижесінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушы, үйден оқитын 6 білім алушы білім алады. Жалпы мектеп бойынша мүмкіндігі шектеулі білім алушылар статистикалық көрсеткіші: үйден оқитын – 6, барлығы – 36 бала. Білім алушында қиындықтары бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету мен білім беру жүйесінде оқытудың арнайы жағдайын құру барысында келесідей жұмыстар ұйымдастырылып, жүргізіліп отырды.

- 1) оқу жоспары мен оқу бағдарламасын өзгерту;
- 2) оқыту нәтижелерін бағалау әдістерін өзгерту (оқушылардың оқу үлгерімі);
- 3) оқытудың арнайы, вариативті және альтернативті әдістерін қолдану;
- 4) оқулықтарды оқу әдістемелік құралдарын, жеке оқу материалдарын таңдау;
- 5) оқыту формасын таңдау;
- 6) тосқауылсыз орта құру және оқыту орнына бейімдеу;
- 7) компенсаторлық және техникалық құралдарға мұқтаждықты анықтау;
- 8) арнайы психологиялық-педагогикалық көмек ұйымдастыру (психологтың, логопедтің, арнайы педагогтің (олигофренопедагогтың, сурдопедагогтың, тифлопедагогтың));
- 9) педагог-психологтың жеке көмегі;
- 10) әлеуметтік-педагогикалық көмек

Аталған шаралармен қоса білім алушының ата-анасымен әңгіме жүргізудің хаттамасы, коммуникативті паспорт толтырылып, ата-аналардың келісім беру формасы және ата-аналармен сауалнама жүргізілді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ата-аналарымен кездесіп, инклюзивтік және үйден оқытуға байланысты кеңестер берілді. Оқушылардың тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізілді.

Мектеп психологы: Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың 2023-2024 оқу жылы бойынша таным аймағының даму динамикасына және таным процестерін диагностикалау қорытындысына талдау жасады (анықтама қоса жалғанады). Жеке балаларға жасалған зерделеулер қорытындысы мен ұсыныстары таныстырылды.

Үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Бегайс сөз алды. 2023-2024 оқу жылында аттестатталанатын педагогтердің жұмыстарын үйлестіру тәртіптерін айтты. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2021 жылғы 12 қарашадағы №561 бұйрыққа қосымша Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығымен педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына тоқталды. Сонымен қатар педагогтардың Е-портфолио жұмыстарын ұйымдастыру туралы хабарлама жасап, пән мұғалімдерінің біліктілік курстардан өтудің даму жоспарын қайта қарады. (тізімін көрсетіп жазуға болады)

Соңғы мәселе бойынша мектепке жаңадан қабылданған білім алушылардың бейімделуі туралы директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.Сапарбеков тоқталды: 2023-2024 оқу жылында жалпы 1133 білімалушы. 55 класс комплектісі бекітілді. Тәрбие жұмысының жылдық жоспарына сәйкес білім алушылардың жас ерекшеліктеріне орай жұмыстар жүргізілуде. Жаңадан оқушы қабылданды. Жаңадан қабылданғандар арасында бейімделуі барысында жалпы ата-аналар жиналыстары, білім алушылар жиналысы өткізіліп, барлық класс бойынша мектептің ержелерімен таныстырылып, міндеттері туралы нақты айтылды. Күн сайын класс жетекшілер ата-аналармен, білім алушылармен тығыз байланысып, апта сайын мектеп әкімшілігіне бейделу барысындағы тәртіптері туралы баяндап отырды. Мектеп әкімшілігімен, психологпен, ұстаздар, ата-аналар арасындағы тығыз байланыс, жаңадан қабылданған білім алушылардың ортаға төселуіне көп ықпалын тигізді.

Бесінші мәселе бойынша Мектепте «BilimClass -BilimLand» ұлттық цифрлық білім беру платформасының толтырылуы туралы оқу ісі орынбасары Р.Наурызбаева сөз алды

- Мектеп әкімшілігінің саны – 6
- Мектеп мұғалімдерінің саны – 136
- Сыныптар саны, МАД тобымен -55
- Параллель сыныптар саны – 12
- Оқушылар саны - 1133.

Мұғалімдерге «BilimClass –BilimLand» платформасын қолдану жолының тиімділігі өте жоғары, платформада мемлекеттік жалпыға білім беру стандартына сәйкес сабақтарға жол ашылған, педагогтерге арналған көрнекі құралдар қамтылған, оқу мен жаңа технологияларды тиімді ұштастыра отырып педагогтерге арналған КТЖ, БЖБ, ТЖБ және қысқа мерзімді жоспарлар жасакталған, оқушыларға сапалы білім алуға жағдай жасалған. Алайда осындай жағдай жасалған «BilimClass –BilimLand» платформасын қолдануда кей мұғалімдер кемшіліктер жүргізуде, атап айтар болсақ төмендегі кестеде көрсетілгендей

№	Мұғалімнің аты-жөні	Кестедегі сабақ саны	Тақырыптарды қосу	Сабақтарды өткізу
1	Бабакаланов Азиз	64	81%	92%
2	Әсел Бұлдыр	36	78%	39
3	Аширбаев Бауыржан	64	0%	0
4	Жолдасова Бекзада	73	63%	18
5	Сарсенов Даурен	44	59%	52
6	Оразбаева Жанат	122	90%	37
7	Төлебаева Жұлдыз	68	87%	60
8	Бейімбет Жұмағыз	44	100%	55
9	Нурмаматов Мардон	36	100%	0
10	Самбекова Молдер	68	100%	32
11	Ануарбек Молдір	64	80%	25
12	Абдиев Сейткали	36	100%	50
13	Умирзакова Шохиста	64	100%	52

Өз сабақ кестесіне қарай тақырыптарды ауыстырып қоюға болатындығын дұрыс білмегендіктен, қателіктер жіберіп, уақытында түзетіп отырды. Сынып жетекшілер қалай оқушыларды тіркеу керектігін, логин, паролдарын қалай әперу керектігін үйренген.

Қорыта келе нәтижеде «BilimClass –BilimLand» жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары. Себебі, бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін ақпараттармен байланысуға зор мүмкіндік алады. Бірақ әлі де жетілдіру қажет етеді. «BilimClass –BilimLand» жүйесін алдағы уақытта бұдан жоғарғы дәрежеге жетеміз деген ойдамын.

Алтыншы мәселе бойынша Пән мұғалімдерінің дәптер тексеру қорытындысы бойынша Қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, өзбек тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі пән бірлестік жетекшілері сөз алды

Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестік жетекшісі С.Оспанова сөз алды.  
1. Найманбаева Өміркул 9 «б,в,г» сыныптарға сабақ береді. Барлық дәптерлер орфографиялық режимге сәйкес толтырылған. Кейбір 9 «в» сынып оқушыларының жазуы түсініксіз, жазу элементтері дұрыс емес, жазба жұмыстарын талпақ сай орындап отыру керектігін айтып отырады. Дәптерлер жиі тексеріліп отыр. Мұғалім сынып жұмысын және үй жұмыстарын тексерген, баға лаған, қатені анық көрсеткен. 2. Беккулов

Бахадір 7 «б,в» сыныптарға сабақ береді. Дәптерлер қанағаттанарлық жағдайда. Балалардың көбі дәптерлерінде таза, көркем жазады, бірақ үш-төрт оқуш. жазуы түсініксіз. Дәптерлер жиі тексеріліп отырады. Мұғалім дұрыс жазу қағидасын көрсетіп отыра. Мұғалім сынып жұмысын және үй жұмыстарын тексерген, бағалаған, қатені анық көрсеткен

3. Раушан Өсерова 8 «б,в,г сыныптарға сабақ береді. Барлық дәптерлер орфографиялық режимге сәйкес толтырылған. Кейбір 8 «б,в» сынып оқушыларының жазуы түсініксіз, жазу элементтері дұрыс емес. Жұмыс дәптерлерге бағалар уақытылы қойылып жүреді. Оқушының жіб ерген қателерін түзетуі, үнемі бағалап отыратындығы көрінді

**ХАТТАМАСЫ**

**08.01.2024 ж.**

Қатысқандар: 135 мұғалім

Қатыспады : 13 себепті

**Күн тәртібі:**

- ❖ I жартыжылдықтың нәтижелерін талдау. II жартыжылдыққа мұғалімдерді курстық даярлау жұмысты ұйымдастыру./Р.Наурызбаева ,оқу ісі орынбасары/
- ❖ 2 - жартыжылдыққа арналған пәндік онкүндіктер кестесін бекіту /К.Мустафаева оқу ісі орынбасары
- ❖ Оқушылар олимпиадасының мектеп және аудандық турларының нәтижелерін талдау. Аттестациядан өтетін мұғалімдер есебі/ А.Бегайс оқу ісі орынбасары/
- ❖ Төмен ынталы және үлгерімі төмен білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу. /мектеп психологы/
- ❖ Жаңашыл мұғалімнің жаңашылдыққа көзқарасы /деңгейлік мұғалім Аленова .Г/
- ❖ 6.Әр түрлі мәселелер

\*\*\*\*Бірінші мәселе бойынша директордың оқу –ісі жөніндегі орынбасары I - жарты жылдық бойынша оқушылардың үлгерімі мен оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы туралы Р.Наурызбаеван сөз алды

Мектептің өзекті мәселесі: «Оқу үрдісінде озық технологияларды енгізе отырып, сапалы білім, саналы тәрбие беру» Мектептің оқу-тәрбие жоспары да осы мақсаттарды іске асыруға бағытталған.

Барлық мұғалімдер құрамы –	141	/%	100
→ Педагог шебер	1 /	0,7	%
→ Педагог-зерттеуші -	28 /	20,0	%
→ Педагог-сарапшы -	44 /	31,2	%
→ Педагог-модератор-	36 /	25,5	%
→ Педагог –	32/	22,6	%

Мектеп жыл басында 1148 оқушымен бастадық, 54 сынып комплект, 1 дайындық тобы болды, жалпы 1148 оқушы, 55 сынып комплекті.

1-4 сыныптар- 437 оқушы, 5-9 сыныптар- 499 оқушы, 10-11 сыныптар-116 оқушы. Мектептің оқу жоспары ҚР-ның жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының негізінде жасалынды.

ҚР жалпы орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарына сәйкес мектептің жоғарғы сатысында оқыту жаратылыстану-математикалық бағыт және қоғамдық гуманитарлық бағыт бойынша жүргізіледі.

Оқушылардың білім сапасысын 1 – тоқсанмен салыстыру кестесі

сыныбы	I тоқ	Үздік	екпінді	сапа	II тоқсан	үздік	екпінді	сапа	динамика
1-сынып									
2-сынып	236	36	86	51,6	237	47	85	55,7	+3,1
3-сынып	106	16	29	41,2	105	17	30	44,7	+3,5
4-сынып	95	15	31	48,4	95	18	31	51,5	+2,9
1-4 сынып	437	67	146	46,1	437	82	143	50,3	+4,2
5-сынып	116	2	34	31,3	117	13	39	44,4	+13,4
6-сынып	99	6	24	30,3	99	9	32	41,4	+11,1
7-сынып	101	8	21	28,7	101	11	35	45,5	+17,3
8-сынып	95	3	23	27,3	95	4	29	34,7	+7,4
9-сынып	87	3	23	29,9	87	11	26	42,5	+12,6
5-9 сынып	498	22	125	29,4	499	48	161	41,4	+12,0
10	55	2	16	32,7	56	9	18	48,4	+15,7
11	61	2	17	31,5	60	4	19	39,8	+8,3
10-11-сыны	116	4	33	32,1	116	11	37	44,4	+12,3
1-11 сынып	1051	93	304	37,8	1052	143	341	46,2	+8,4

Кестенің мәліметтеріне сәйкес, білім берудің барлық деңгейлерінде үлгерім мен білім сапасын жақсарту жұмыстарын жандандыру қажет етті. I жарты жылдық қорытындысы бойынша: үздік оқушылар – 143 ол 13,59%, жақсы оқитын оқушылар- 341 ол 32,46%, үшпен оқитын оқушылар - 568 ол 53,9% -5а артқандығы көрініп тұр

2023-2024 оқу жылының 2 тоқсанының аяғында пәндерден бір «3» немесе бір «4» алған оқушылар саны кеміді. Оқытушыларға жақсы нәтижеге жету үшін ұсыныстар берілді. Алайда жартыжылдықтың қорытындысы бойынша жағдай жақсарғанын айта кету керек, бұл оқу озаттары мен үлгерімі жақсы оқушылардың өсімінен, мұғалімдердің жеткілікті жұмыс істеуін көрсетеді.

I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша мектептің білім сапасы I-тоқсанмен салыстырғанда өсім бар сыныптарда бір пәннен бір - «4», бір пәннен бір - «3» тоқсан бойынша үлгерімнен шыққан оқушылардың кестесі төмендегіше.

№	Сынып	Аты-жөні	Баға 5	Баға 4	Баға 3	Категория	Субкатегория
1	2 А ҚАЗ	ИЛЬДАРЖОНҰЛЫ СОЛ	1	5	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
2	2 Ә ҚАЗ	Сұлтанбаев Нурсұлтан	5	1		Екпінді	Бір пән бойынша "4"
3	2 И ҚАЗ	Мухаммадаминов Муха	6	1		Екпінді	Бір пән бойынша "4"
4	2 И ҚАЗ	КАМИЛЖАН МУНИСА		6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
5	2 И ҚАЗ	Рузимбаев Муштар		6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
6	2 Г ҚАЗ	Рустемова Хустиабану	1	5	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
7	2 Г ҚАЗ	Сағаталиев Яхия		6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
8	2 Г ҚАЗ	Таслимбаева Гулниора	6	1		Үлгеруші	Бір пән бойынша "4"
9	2 З ҚАЗ	КУРБАНБАЕВ БЕКРУЗ		6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
10	2 З ҚАЗ	ГАПУРЖАНОВ АСИЛЬ		6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
11	2 З ҚАЗ	Салимбаев Абдрохман		6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
12	2 Б ҚАЗ	Нурмамбетова Асия	1	5	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
13	2 Б ҚАЗ	Уткирбаева Диера		6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
14	2 Ж ҚАЗ	Шамирзаева Момина	6	1		Екпінді	Бір пән бойынша "4"

15	2 ЖҚАЗ	Розимбаев Абдрохмон	6	1		Екпінді	Бір пән бойынша "4"
16	2 В ҚАЗ	Бекмурзаева Солиха		6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
17	2 В ҚАЗ	Ергешбай Сабина	6	1		Үлгеруші	Бір пән бойынша "4"
18	2 В ҚАЗ	Кудайназаров Асылбек		6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
19	2 Г ҚАЗ	Сунаттулла Фарангиз		5	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
20	3 А ҚАЗ	Жарылкасын Усман	1	6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
21	3 А ҚАЗ	ЭРКИНЖАНОВ САЙДК	1	6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
22	3 Ә ҚАЗ	Хусанов Исмойл	1	6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
23	3 Ә ҚАЗ	Ташкенбаев Хайрниса	2	5	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
24	3 В ҚАЗ	МУХАМАДАЛИНОВА С	7	1		Екпінді	Бір пән бойынша "4"
25	3 Б ҚАЗ	Хусенов Аббос	2	5	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
26	3 Г ҚАЗ	Бахадирова Маржона		7	1	Екпінді	Бір пән бойынша "3"
27	3 Г ҚАЗ	Салимбаева Дилруза		7	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
28	4 А ҚАЗ	Тұрсынәлі Ералы	1	6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
29	4 А ҚАЗ	ТҮРСЫНӨЛІ БЕКАСЫЛ	3	4	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
30	4 А ҚАЗ	АБДУАЛИЕВ АХМАТ	1	6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
31	4 Б ҚАЗ	Токтаназарова Райхан		7	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
32	4 Б ҚАЗ	Шамырзаева Шабднам	1	6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
33	4 Б ҚАЗ	Ергешова Дияра	1	6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
34	4 Б ҚАЗ	НАБИЖАНОВА САЖ	7	1		Үлгеруші	Бір пән бойынша "4"
35	4 В ҚАЗ	Мелибаева Айша	8	1		Үлгеруші	Бір пән бойынша "4"
36	4 В ҚАЗ	Хурсанбаев Сухайл	8	1		Үлгеруші	Бір пән бойынша "4"
37	4 Г ҚАЗ	АНАРБАЕВ АБДУБА	7		1	Екпінді	Бір пән бойынша "3"
38	4 Г ҚАЗ	Мирзавалиева Гулжа	7	1		Екпінді	Бір пән бойынша "4"
39	4 Г ҚАЗ	САГАТАЛИЕВ АБДУХ		7	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
40	4 Г ҚАЗ	Смаилова Муниса		7	1	Екпінді	Бір пән бойынша "3"
41	4 Г ҚАЗ	ШАРИПОВ ЗАКАРИЁ	7	1		Екпінді	Бір пән бойынша "4"
42	4 Д ҚАЗ	САМАТОВ ЖАВОХИР		6	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
43	5 Б ҚАЗ	Уткирбаев Усмон	1	9	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
44	6 В ҚАЗ	Абдрахманова Ясмينا	1	9	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
45	6 В ҚАЗ	Абдуллаева Робия	1	9	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
46	7 А ҚАЗ	ШАУКАТ НАБИЛӨ	1	12	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
47	7 Ә ҚАЗ	Султанбаев Камрон	13	1		Үлгеруші	Бір пән бойынша "4"
48	8 А ҚАЗ	ӘБДИМӘЛІКҮЛЫ БЕЙБ	13	1		Үлгеруші	Бір пән бойынша "4"
49	8 А ҚАЗ	Сайдалиев Сайдтура	3	10	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
50	8 Б ҚАЗ	Рахматова Осия	3	13	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
51	8 Г ҚАЗ	Ауимжанова София	2	12	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
52	8 Г ҚАЗ	Дияров Абдижалил	1	13	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
53	11 А ҚАЗ	Шаукатова София	3	12	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"
55	11 Б ҚАЗ	РАХМАНБЕРДИЕВ Сайф	1	14	1	Үлгеруші	Бір пән бойынша "3"

Мектептегі оқу-әдістемелік кеңесте мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін, шығармашылығын жетілдіріп, дамытуда тиісті әдістемелік көмек беру жұмыстары жүргізіліп отырды. Білім сапасын арттыру жағдайын қамтамасыз ету басты мақсатында әдістемелік апталықтар мен күндерді сапалы әзірлеп, өткізу және сабақтың барлық түрлерінің жоғары әдістемелік деңгейде өтуін қамтамасыз ету, жас мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін көтеру жұмыстарын ұйымдастыру, білім беру технологияларын енгізу арқылы сабақтардың сапасын көтеру, шығармашылықпен жұмыс істейтін ұстаздардың тәжірибесін жинақтау және тарату, әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру

мен олардың есебін жүргізу, құжаттарын реттілікте ұстау, оқушыларды тәрбиелеудің, олардың бойында жоғарғы көпмәдениеттілік қасиеттерді қалыптастырудың кешенді бағдарламасын жүзеге асыру міндеттері қойылып, осы орайда тиісті әдістемелік жұмыстар жүргізілді. Білім беру үдерісінде жаңартылған білім бағдарламасы аясында белсенді әдістерді меңгере отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру, өздігінен білім алуға үйрету. Мұғалімдер сапасының құрамы талапқа сай. Маман емес мұғалімдер жоқ.

- Біздің педагогтар курс барысында өз білімдерін жаңартып қана қоймай, сонымен қатар, негізгі кәсіби дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік алады. Курстан кейін ұстаздар жаңа педагогикалық идеяларды қолдана отырып, жүйелі жұмыс жүргізуді үйренеді. Қазіргі білім беру стандарты мұғалімнің жеке және іскерлік қасиеттеріне назар аударады. Сондықтан курс барысында қарастырылатын өзекті мәселе – ол мұғалім қандай құзыреттерге ие болуы керек және бұл құзыреттерді қалай қалыптастырамыз деген сұрақтарға бірге жауап іздейміз. Сондай-ақ курс кезінде бакылау-бағалау дағдылары дамиды. Яғни, біздің курсқа келіп мұғалім өзінің іс-әрекеттерін талдайды. Әрбір ұстаз ең алдымен оқыту мен тәрбиелеудің қойылған міндеттерін іске асыру барысында өзінің қол жеткен жетістіктері мен сәтсіздіктерін қарастырады. Әртүрлі ситуациялық жағдайларда дұрыс шешім қабылдады ма, өзіне баға береді. Сабақ өту барысында болған қиындықтар мен сәтсіздіктер талданады. 2023 жылдың қыркүйек айына бері мектебімізде 12 мұғалім өз біліктілігін көтеріп курстардан өтіп келді, атап айтар болсам «Өрлеу» Біліктілік арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Түркістан облысы және Шымкент қаласы мен қатар Сарыағаш қаласында біліктілік арттыру институтының ұйымдастыруымен өткізілген курстарға барып келген соң бірлестіктеріне талқылап отырды. (көрке меңбек А.Раджапова, география пнінен Б.Парманова, биология пнінен М.Бегалы, қазақ тілімен әдебиеті пнінен Г.Бахиева орыс тілі пнінен Г.Смайлова т.б мұғалімдер)

\*\*\*\* 2 - жартыжылдыққа арналған пәндік онкүндіктер кестесін бекіту К.Мустафаева оқу ісі орынбасары

Әдістемелік қызмет педагогтің шығармашылық әлеуетін жан-жақты дамытуға, оқу-тәрбие процесінің сапасы мен тиімділігін арттыруға, озық тәжірибені жинақтауға, сайып келгенде, мектеп оқушыларының білім деңгейі мен тәрбиесін арттыруға бағытталған шаралар жүйесі ретінде анықталады. Мектептің әдістемелік жұмысы жоспар негізінде құрылады. Мектептің әдістемелік жұмысын жоспарлау кезінде педагогикалық ұжым мектепті дамыту бағдарламасын, бастауыш жалпы, негізгі жалпы және орта білім берудің негізгі білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға ықпал еткен формаларды таңдауға тырысады. Мектептің әдістемелік жұмысының рөлі қазіргі жағдайда оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістемелерін, тәсілдері мен нысандарын ұтымды және жедел пайдалану қажеттілігіне байланысты айтарлықтай артып келеді. Онкүндік кезеңінде ашық сабақтар, конкурстар өткізілді. Онкүндік аясында сабақтың негізгі түрлері қарастырылды. Мұғалімдер іс жүзінде заманауи сабақтар мен сыныптан тыс іс-шараларды өткізудің әртүрлі формаларымен танысты.

Онкүндік оқушыларға өздерінің шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік берді. Оқушылар пәндер бойынша жақсы білімдерін, әртүрлі жағдайларда білімді қолдана білуін, өзара көмек көрсетуді, қиын мәселелерді ерекше шешуді көрсетті. Барлық мұғалімдер жақсы ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсетті, шығармашылық атмосфера құрды. Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттырудың маңызды

құралы мектеп жұмысының бүкіл жүйесін байланыстырушы жақсы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс болып табылады. Әдістемелік жұмыстың рөлі қазіргі жағдайда білім беру және тәрбие мәселелерін шешуде үнемі жинақталған тәжірибе, оқытудың жаңа әдістерін, әдістері мен формаларын ұтымды және нақты қолдану қажеттілігіне байланысты айтарлықтай артып келеді. 2 жартыжылдық басында «Пән апталықтарының» кестесі төмендегіше түзілгенін айтып өтті. Ағылшын тілі пән апталығы 2024 жылдың 08 – 19 қаңтар аралығы, математика апталығы 2024 жылдың 22 – 02 ақпан аралығы, физика – информатика апталығы 2024 жылдың 05 – 16 ақпан аралығы, бастауыш сынып апталығы 2024 жылдың 01 – 12 сәуір аралығы, орыс тілі мен әдебиеті апталығы 2024 жылдың 15 – 26 сәуір аралығы, көркем еңбек, музыка апталығы 2024 жылдың 13-17 мамыр аралығы екенін айтып өтті. Өткен жарты жылдық жасалған жұмыстарға қорытындылай отырып, жаңа оқу жылына жана міндеттер қабылдап, оқу жылының жоспары бекітілді. Әрбір бірлестікте оқу жылының басында нормативтік құжаттарды, әдістемелік нұсқаулықтарды оқып-үйренуге арналған дәріс сабақтар жүргізілді. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру бағытында перспективалық жоспарлар жасақталды. Әдістемелік бірлестіктер бойынша да жұмыс жоспарға сәйкес жүйелі өткізіліп тұрды. Әр ай сайын пән апталықтары, онкүндіктері өткізіліп, түрлі сайыс, жарыстар, ашық сабақтар жүргізілді.

\*\*\*\*\*Оқушылар олимпиадасының мектеп және аудандық турларының нәтижелерін талдау. Аттестациядан өтетін мұғалімдер есебі / А.Бегайс оқу ісі орнбасары/

Тілдер мерекесіне “Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына” Алматы қаласы ҚР халықтар Достығы үйінде іс-шара болып өтті. Мағжан оқуын өзбекше оқып «Мағжан Жұмабаевтың 130» жылдығы медалімен өзбек тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Дустанова Робия марапатталды. Ал 11 «А» сынып оқушысы Мағжан өлеңдерін жатқа айтып «Алғыс хатпен» марапатталды. 8 сынып оқушыларына арналған “Айқанат” олимпиадасы **30.09.2023** I кезең өтті.

Тіркеуге сынып жетекшілеріне ескерту жасалынған. 80 % оқушы тіркелді.  
**05.10.2023** ж екінші рет ашылды.

**08.10.2023ж**

«Мың бала» олимпиадасы республика күніне орай ұйымдастырылған «Қазақтану» жобасы аясында Шәкәрім оқуларынан 10 с оқушысы Акимова Робия облыстық алғысқа ие болды. жетекшісі Найманбаева Ө

**12.10.2023** ж “Ақберен” республикалық өнер байқауы №47 Д.Қонаев мектеп базасында өтті. 9 с Нурматова Робия- жет. Аленова Г көркем сөз оқу. Ауданнан және Обл.бас жүлде алып, Респ.кезеңге жолдама алды.. 10 с Еркебай Рухия- жет. Найманбаева Ө эссе 10 с Аширбек Жанерке – жет. Найманбаева Ө Ұлттық аспапта ойнау. Алғыс хатпен марапатталды.

**13.10.2023ж** география пәнінен 7-8 сыныптар арасында «Ұлттық олимпиада» №12 Р.Әлібеклы мектеп базасында болып өтті. 7 с Азимжанов Абдувосид 3 орын Кенжебекова Гулсанам, 8 с Ергешов Исмаил 3 орын Халиков Абдузохид қатысты  
**22.10.2023** Математика пәні мұғалімдерінің облыстық шығармашылық байқауы болып өтті Оған бізден ешкім қатыспаған

**06.11.2023 ж** Аудандық «Махамбет оқулары» болып өтті.

10 с Амир Мадина 3 орын иеленді. Жет. Найманбаева Ө

11 с Усманова Ақмаржан 3 орын иеленді. Жет. Усерова Р

8 с Сайдалиев С алғыс хат. сурет салу. Жет. Тажиева Ф

8 с Аширбек Нұрдиас күй тарту сайысынан 3 орын алды. Жет. Тажиева Ф



«Бәйтерек» республикалық олимпиадасынан 1 орын диплом, жет Тажиева Ф. Өзге ұлт оқушылары арасында қазақ тілінен 5-11 с оқушылары арасында «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» республикалық олимпиадасында 2 дәрежелі диплом Ергешов Исмаил, 3 дәрежелі диплом Мирсайтова Сабрина марапатталды. жетекшісі: Тажиева Ф. 09.11.2023ж «III Ыбырай жазулары» ауданға Тажиева Ф, бастауыш Ергешова Наргиза апайлар облысқа жолдама алды. Облыстық байқауынан Ергешова Наргиза номинация иегері атанды.

10.11.2023ж 8-11 сынып оқушыларына арналған лингвистикалық олимпиаданың аудандық кезеңі №10 Игілік жом болып өтті.

Ағылшын тілі пәнінен 10 с оқушысы Әшірбек Кенжегүл қатысып, 3 орын иеленді. Жетекшісі Жумабекова Нұрсәуле.

01.11.2023ж Дене шынықтыру пәні бойынша «Ұлттық мектеп лигасы» аясында мектеп оқушыларымыз футболдан 5-6, 7-8, 9-10,11 1 орын аймақтан, асық атудан 1 орын 5-6 сыныптар аймақтан, болллейволдан 9-11 2 орын аймақтан.

Ауыл олимпиадасы 30.10.-15.11 күндері тіркеу басталды. 20.11.23 басталды

№	Пәні	9 сынып	10 сынып	11 сынып
1	Қазақ тілі			
2	Қазақ тілі Т2			
3	Орыс тілі мен әдебиеті	0	0	1
4	Ағылшын тілі	0	0	0
5	Информатика	0	0	8
6	Химия	0	0	0
7	Физика	0	0	0
8	Биология	0	0	0
9	Қазақстан тарихы	0	0	0
10	Математика	0	2	3
11	География	0	0	0
12	Құқық негіздері	0	0	0

1 тоқсан бойынша мүлдем нәтиже көрсетпей отырған пәндер физика, химия, биология, тарих, математика пәндері.

Жалпы педагог 135,5 декреттік демалыста

1 шебер санат, 27 зерттеуші, 46 сарапшы, 34 модератор. Жалпы 108 педагог санатты 80 %

2023-2024 оқу жылында, 16 зерттеуші, 14 сарапшы, 15 модератор

Аттестациядан өтеді. 45 педагог өтуі тиіс, 33,3 % ұстаздар.

❖ Келесі мәселе бойынша мектеп психологы К.Байтасованы тыңдадық.

- Төмен ынталы және үлгерімі төмен білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу туралы мәселе қаралды. Жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқу-тәрбие процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім берудегі өте жас бағыт болып табылады. жеке тұлғаның білім беру қажеттіліктерін ескере отырып оқытуды жүзеге асыру, сондай-ақ оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу мен дамытудың өзара байланысы;
- оқушылардың бойында жоғары деңгейде оқуға деген оң мотивацияны дамыту, олардың оқу сапасын үнемі арттыру;

оқу үшін қолайлы психологиялық атмосфераны құру;

➤ Жаңашыл мұғалімнің жаңашылдыққа көзқарасы /деңгейлік мұғалім Аленова .Г/  
Жаңашыл ұстаз – заман талабы. Теориялық білімін тәжірибе жүзінде іске асыра алатын, жауапкершілігі жоғары, ізденімпаз жеке тұлға болуы тиіс. Ең жақсы мұғалім – шәкіртінің жанын түсінетін, оны өз перзентіндей сүйе алатын, оқушы үшін бойындағы барын беретін, шәкіртін өздігінен білім алуға жетелейтін мұғалім. «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қоғамда мықты, білігі жоғары, жаңашыл ұстаздардың болуы – өмір талабы. Жас ұрпақты оқытуда, оқушының тұлғалық деңгейін қалыптастыруда түрлі инновациялық әдіс-тәсілдерді кең қолдануды қажет етеді. Шәкіртке білім нәрін жылулықпен бере білу де аса қажеттілікті керек ететіні де белгілі. Қазіргі таңда білім саласында үнемі өзгерістер болып жатыр. Сол өзгерістерді енгізіп, көштен қалмай бірге жүруге тура келеді. Педагогикалық ізденіс барысында оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуда жаңа әдістемелерді қолдануды оқу үдерісіне енгізудің маңызы ерекше. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды. Қазіргі талап – оқушыларды ойландыру, сезіндіру, ақпараттық құралдар арқылы өз беттерінше еңбектеніп, оқуға баулу.

«Ел ертеңі – білімді жастар» деп, бар үмітті жас жеткіншектерге артып отырған сәтте заман көшінен қалыс қалуымызға болмайды. Өйткені жаңа заман өзінің жаңа тұлғасын: қоғамдық-әлеуметтік ортада өзін еркін ұстай алатын, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлғасын қалыптастырады. Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген бағдарламалар нақты және күрделі жағдайларды қалай талдау қажеттігін, оқушыларды ХХІ ғасырда өмір сүруге дайындау үшін мектеп тәжірибесіне қалай өзгеріс енгізіп, осы шара барысында күтілетін нәтижелерге қол жеткізілгенін қалай бағамдау қажеттігін терең түсінуді көздейді. Сондықтан менің Педагогикалық шеберлік орталығында оқудағы мақсатым – кәсіби шеберлігімді кеңейту, табысты және жаңашыл мұғалім мектепте, қоғамда қанаты талмайтын көшбасшы болу.

Аз уақыт ішінде курстың мақсат-міндеттерін орындай отырып, біршама нәтижеге қол жеткіздім деп және іс-тәжірибем өзгерістер енгізе отырып, өзімнің де өзгергенімді айта аламын. Мұндай деңгейлік оқулар мұғалімдердің кәсіби дамуына мүмкіншілік береді, оқушыларды қалай оқу керектігіне үйретеді. Соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған оқушы қалыптастыруға даярлайды. Оқушы алған білімін өмірде қолдана білуіне көңіл бөлдім. Мен өз тәжірибемде қазақ тілі сабағында оқушылардың бірлескен оқуын жүзеге асыру мақсатында, кеңінен қолданыстағы сын тұрғысынан ойлау технологиясын дамыту, топтық әдістер арқылы оқушылардың өзара ынтымақтастығын нығайту және дамыту үшін әдіс-тәсілдерін қолдандым. Оқушылар топтық жұмысты ұнатады, олар үшін ең маңыздысы терең білім алу және өздері үшін оқиды, яғни алға деген ұмтылыс бар. Өз ойларын сабақта айту оқушылар үшін өте маңызды. Оқушылар үшін мұғалімнің өзіне үнемі көңіл аударуы және жауап беру арқылы бағалануы маңызды, осы мәселені тиімді, жүйелі шешу үшін мұғалімдер оқушылармен топтық жұмысты, диалогтық тәсілді оқытуда тиімді қолдануды жолға қою керек сияқты. Оқушылардың жауабын бағалаудың бір жақтылығын жою мақсаты тұр. Оқушының әрбір жетістігін қалт жібермей мақтап, мадақтап отырса, оқушыға оң әсер етуі әбден мүмкін. Сондықтан мұғалімдер қалыптастырушы бағалауға көп көңіл

бөліп, оқушымен арадағы диалогты дұрыс, тиімді, мәдениетті және жетелеуші түрде ұйымдастыру керек. Мектептегі әрбір мұғалім өз сабақтарында топтық, жұптық жұмысты тиімді пайдалану керек, өйткені қазіргі кезде топтық жұмысты жолға қойған мұғалімдердің жұмыстары жеңілдеген. Есесіне оқушылардың білім сапасы да артқанын байқауға болады. Ал, оқытуда интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында мұғалім мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады. Осы жерде оқушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды. Себебі, интерактивті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Әсіресе табиғатынан тұйық, өз ойын жеткізе алмайтын, өздеріне сенімсіздеу оқушыларға пайдасы зор. Ал мұғалімнің міндеті – оқушының неғұрлым белсенділік танытуына жағдай жасау, қажет кезде жол көрсету болып табылады. Мұнда мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеуі үлкен рөл атқарады. Нәтижесі – жинақталған білімін пайдалана алуда.

Мен өз тәжірибемде әріптестеріммен кәсіби әңгіме жүргізу арқылы «ШЫҢ» кәсіби қоғамдастығының жоспарымен таныстырдым. Себебі қоғамдастық аясындағы қызмет оқушылардың білім алуына және басқа мектептердегі болып жатқан үдерістерді біліп отыруға мүмкіндік береді. Оқушылардың білімін жақсартуға, ойлау дағдыларын көтеруге әріптестеріме «Сыни тұрғыдан ойлау модулінің тиімділігі неде?» коучинг-сабақ өткіздім. Бұл коучинг-сабақ арқылы мен әріптестеріме сыни тұрғыдан ойлау модулінің әдіс-тәсілдерін сабақтарында тиімді қолдануларына үлес қостым деген ниеттемін. Бала, ата-ана және мектеп – осы үш бірлік жұмыс атқарғанда ғана білім саласында табысты нәтиже болғандықтан мен ата-аналармен дөңгелек үстел өткіздім. Ата-аналармен дөңгелек үстел өткізу барысында ата-ананың өз балаларына, мұғалімдеріне деген көзқарастарын білу мақсатында сауалнамалар жүргіздім. Оқушылар келешекте мамандық таңдауда кателеспеу үшін, оқушының уәжін ояту мақсатында 9-11 сыныптар аралығында «Кім боламын?» тақырыбында дөңгелек үстел өткіздім. Оқушыларды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беріп, пікірлерін тындап бағыт-бағдар бердім. Жас мамандардың проблемаларын шешу мақсатында «Жас маманға қандай көмек беру керек?» тақырыбында кәсіби сұхбат өткіздім. Жас мамандардың проблемасын шешу үшін сабақта қолданылатын модульдер мен оның әдіс-тәсілдері жайлы тренингтер өткіздім. Оқушының оқу мен оқыту жайлы, мұғалімдер жайлы ой – пікірлерін білу үшін «Оқушы үні» жобасы кезеңінде сауалнама жүргіздім. Оқушыларға сапалы да тиянақты білім беру үшін пәнді жан-жақты игеріп, оқушы санасына жеткізе білу, шығармашылық ойын қалыптастыру оқушылардың белсенділіктері арқылы жүзеге асырылатынына әріптестеріммен пікірлесіп, қоғамдастықтағы көрші мектептермен тәжірибе алмасудан соң көз жеткіздім. Әріптестерімнің қолдауы мен белсенділіктері менің көшбасшылық жұмыстарымды шабыттандырды.

Курста менің алғаным көп, атап өтсем, курста бірге оқыған әріптестермен қауымдастық құрып, олармен ақылдасып, кеңесу мүмкіндігі туды, өзімнің қабілеттерімді аша түстім деуге болады және ең бастысы, мен көзқарасымды өзгерттім. Себебі, мен мұғаліммін, балаларға өмірлік жолын табуға бағыт берушімін, сол үшін үнемі алға ұмтылуға, жаңашыл болуға міндеттімін. Қорыта айтқанда, А. Байтұрсынов атамыз былай деген екен: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы...». Демек, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі ұстаздың бейімділігінде.

Ал жаңашыл ұстаз қандай болмақ деген сұраққа жауап іздеп көрсеңіз, оны былай көрсете аламыз:

Мұғалім – рухани демеуші, мұғалім – программист, мұғалім – зерттеуші, мұғалім – эксперт, мұғалім – режиссер, мұғалім – тіл партнеры.

Міне, осындай икемдігі бар ұстаз – жаңа заманның айнасы.

\*\*\*\*\*2023/2024 оқу жылының ІІ жартыжылдығында мектеп мұғалімдері білім беру сапасын арттыру үшін педагогикалық жағдайларды қамтамасыз етуі қажет:

- оқытудың жоғары сапасына қол жеткізуге бағытталған педагогикалық жүйені жетілдіру;
- жеке, сараланған тәсілдерді қарастыратын тұлғаға бағытталған педагогикалық технологияларды қолдану;
- оқытудың төмен нәтижелерінің себептерін анықтау және оқушылардың оқу деңгейіне әсер ететін маңызды психологиялық-педагогикалық факторларды анықтау бойынша аналитикалық қызметті жүйелі түрде жүзеге асыру;
- оқушыларға білім берудің заманауи тәсілдерін жүзеге асыру мәселелерінде кәсіби құзыреттілікті жетілдіру;
- дарынды балаларды анықтау және қолдау жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыру;
- оқу жылының қорытындысы бойынша бір «4» немесе бір «3» бар білім алушылармен жеке жұмыс есебінен білім сапасын арттырудың қолда бар резервтерін пайдалану;
- әр оқушының әлеуетті мүмкіндіктерін тану.

#### **Басқару шешімдері:**



- білім алушылардың білім берудің белгілі бір кезеңінде пәндер бойынша міндетті білім берудің нақты мазмұнын меңгерудегі қажетті деңгейдегі жетістіктерін жүйелі бақылауды жүзеге асыру; білім беру ұйымының мұғалімдері пайдаланатын оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдері мен нысандарын түзету мақсатында жекелеген пәндер бойынша, сыныптар бойынша, мектеп бойынша оқушылардың оқуына салыстырмалы талдау жүргізу;
- білім беру сапасын арттыру мәселелері бойынша мектеп мұғалімдерінің кәсіби мәселелерін анықтау және осы негізде оқушылардың оқу сапасын арттыру бойынша мұғалімдерге практикалық ұсыныстар әзірлеу;
- білім беру технологияларын игеру бойынша педагог қызметкерлердің жұмысын нақты бақылау және қадағалау;
- білім алушылардың жалпы білім беру дағдылары мен дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамытуды қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар туралы мұғалімдерді ақпараттандыру.

#### **Ұсыныс:**

- Оқушылардың өздігінен білім алу дағдысын толық қалыптастыру;
- Оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру;
- Оқушылардың және оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбегінің аздығынан болған кедергілерді жою;
- барлық пән апталықтары бұдан да қызықты, тартымды, мазмұнды өтсе және дәстүрлі емес сабақтарға оқушылар да көбірек қатысса ;

Мұғалімдерді кәсіби шеберлігін арттыру курсына жіберуге сұраныс беру

- Алдағы олимпиада және де байқауларға оқушылар мен пән мұғалімдері көптеп тарылсын.
- 2023-2024 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтардың сабақтарына кіріп талдау жасалынсын
- Бірлестік жетекшілері жұмысты жандандырсын, берілген тапсырманы өз деңгейінде жүргізбеген бірлестік жетекшілеріне ескерту берілсін..
- Қазақ тілі пәні мұғалімдері Дустанова Р, Аленова Г, Тажиева Ф, Найманбаева Ө облыстық алғыс хатқа ұсынылса
- тоқсанының аяғында пәндерден бір «3» немесе бір «4» алған оқушылармен мұғалімдердің жеткілікті жұмыс істеуін одан ары жандандыру.
- Төмен ынталы және үлгерімі төмен білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу
- Пәндік апталық , онкүндіктерді өткізуге мұқият дайындалсын.
- Сынып жетекшілер оқушылармен, ата-аналармен және пән мұғалімдерімен тығыз байланыста жұмыстар жүргізсін. .

Әдістемелік кеңес төрайымы:  Наурызбаева Р  
Хатшысы:  Есенбаева Б


Түркістан облысы

Келес ауданы

№8 Т. Бегманова атындағы жалпы орта мектебі

**БАЯНДАМА**  
**ЖАҢАШЫЛ МҰҒАЛІМНІҢ**  
**ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА КӨЗҚАРАСЫ**

*Мектеп тренері : Аленова Г.Ш.*



## *Жаңашыл мұғалімнің жаңашылдыққа көзқарасы*

Жаңашыл ұстаз – заман талабы. Теориялық білімін тәжірибе жүзінде іске асыра алатын, жауапкершілігі жоғары, ізденімпаз жеке тұлға болуы тиіс. Ең жақсы мұғалім – шәкіртінің жанын түсінетін, оны өз перзентіндей сүйе алатын, оқушы үшін бойындағы барын беретін, шәкіртін өздігінен білім алуға жетелейтін мұғалім. «Білім – біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іске асыра білу дағдысы» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қоғамда мықты, білігі жоғары, жаңашыл ұстаздардың болуы – өмір талабы. Жас ұрпақты оқытуда, оқушының тұлғалық деңгейін қалыптастыруда түрлі инновациялық әдіс-тәсілдерді кең қолдануды қажет етеді. Шәкіртке білім нәрін жылулықпен бере білу де аса қажеттілікті керек ететіні де белгілі. Қазіргі таңда білім саласында үнемі өзгерістер болып жатыр. Сол өзгерістерді енгізіп, көштен қалмай бірге жүруге тура келеді. Педагогикалық ізденіс барысында оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуда жаңа әдістемелерді қолдануды оқу үдерісіне енгізудің маңызы ерекше. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Мемлекетіміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары. Оларға бірдей талап қойып, олардың табиғи қабілеттерін, нақты мүмкіндіктерін анықтап, соған негіздеп оқыту бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды. Қазіргі талап – оқушыларды ойландыру, сезіндіру, ақпараттық құралдар арқылы өз беттерінше еңбектеніп, оқуға баулу.

«Ел ертеңі – білімді жастар» деп, бар үмітті жас жеткіншектерге артып отырған сәтте заман көшінен қалыс қалуымызға болмайды. Өйткені жаңа заман өзінің жаңа тұлғасын: қоғамдық-әлеуметтік ортада өзін еркін ұстай алатын, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлғасын қалыптастырады. Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген бағдарламалар нақты және күрделі жағдайларды қалай талдау қажеттігін, оқушыларды ХХІ ғасырда өмір сүруге дайындау үшін мектеп тәжірибесіне қалай өзгеріс енгізіп, осы шара барысында күтілетін нәтижелерге қол жеткізілгенін қалай бағамдау қажеттігін терең түсінуді көздейді. Сондықтан менің Педагогикалық шеберлік орталығында оқудағы мақсатым – кәсіби шеберлігімді кеңейту, табысты және жаңашыл мұғалім мектепте, қоғамда қанаты талмайтын көшбасшы болу.

Аз уақыт ішінде курстың мақсат-міндеттерін орындай отырып, біршама нәтижеге қол жеткіздім деп және іс-тәжірибем өзгерістер енгізе отырып, өзімнің де өзгергенімді айта аламын. Мұндай деңгейлік оқулар мұғалімдердің кәсіби дамуына мүмкіншілік береді, оқушыларды қалай оқу керектігіне үйретеді. Соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамыған оқушы қалыптастыруға даярлайды. Оқушы алған білімін өмірде қолдана білуіне көңіл бөлдім. Мен өз тәжірибемде қазақ тілі сабағында оқушылардың бірлескен оқуын жүзеге асыру мақсатында,

кеңінен қолданыстағы сын тұрғысынан ойлау технологиясын дамыту, топтық әдістер арқылы оқушылардың өзара ынтымақтастығын нығайту және дамыту үшін әдіс-тәсілдерін қолдандым. Оқушылар топтық жұмысты ұнатады, олар үшін ең маңыздысы терең білім алу және өздері үшін оқиды, яғни алға деген ұмтылыс бар. Өз ойларын сабақта айту оқушылар үшін өте маңызды. Оқушылар үшін мұғалімнің өзіне үнемі көңіл аударуы және жауап беру арқылы бағалануы маңызды, осы мәселені тиімді, жүйелі шешу үшін мұғалімдер оқушылармен топтық жұмысты, диалогтық тәсілді оқытуда тиімді қолдануды жолға қою керек сияқты. Оқушылардың жауабын бағалаудың бір жақтылығын жою мақсаты тұр. Оқушының әрбір жетістігін қалт жібермей мақтап, мадақтап отырса, оқушыға оң әсер етуі әбден мүмкін. Сондықтан мұғалімдер қалыптастырушы бағалауға көп көңіл бөліп, оқушымен арадағы диалогты дұрыс, тиімді, мәдениетті және жетелеуші түрде ұйымдастыру керек. Мектептегі әрбір мұғалім өз сабақтарында топтық, жұптық жұмысты тиімді пайдалану керек, өйткені қазіргі кезде топтық жұмысты жолға қойған мұғалімдердің жұмыстары жеңілдеген. Есесіне оқушылардың білім сапасы да артқанын байқауға болады. Ал, оқытуда интерактивті оқыту – бұл, ең алдымен, сұхбаттасып оқыту, оның барысында мұғалім мен оқушының өзара әрекет етуі жүзеге асырылады. Осы жерде оқушылардың жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды. Себебі, интерактивті оқытудың басты мақсаты – оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Әсіресе табиғатынан тұйық, өз ойын жеткізе алмайтын, өздеріне сенімсіздеу оқушыларға пайдасы зор. Ал мұғалімнің міндеті – оқушының негүрлым белсенділік танытуына жағдай жасау, қажет кезде жол көрсету болып табылады. Мұнда мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеуі үлкен рөл атқарады. Нәтижесі – жинақталған білімін пайдалана алуға.

Мен өз тәжірибемде әріптестеріммен кәсіби әңгіме жүргізу арқылы «ШЫҢ» кәсіби қоғамдастығының жоспарымен таныстырдым. Себебі қоғамдастық аясындағы қызмет оқушылардың білім алуына және басқа мектептердегі болып жатқан үдерістерді біліп отыруға мүмкіндік береді. Оқушылардың білімін жақсартуға, ойлау дағдыларын көтеруге әріптестеріме «Сыни тұрғыдан ойлау модулінің тиімділігі неде?» коучинг-сабақ өткіздім. Бұл коучинг-сабақ арқылы мен әріптестеріме сыни тұрғыдан ойлау модулінің әдіс-тәсілдерін сабақтарында тиімді қолдануларына үлес қостым деген ниеттемін. Бала, ата-ана және мектеп – осы үш бірлік жұмыс атқарғанда ғана білім саласында табысты нәтиже болғандықтан мен ата-аналармен дөңгелек үстел өткіздім. Ата-аналармен дөңгелек үстел өткізу барысында ата-ананың өз балаларына, мұғалімдеріне деген көзқарастарын білу мақсатында сауалнамалар жүргіздім. Оқушылар келешекте мамандық таңдауда кателеспей үшін, оқушының уәжін ояту мақсатында 9-11 сыныптар аралығында «Кім боламын?» тақырыбында дөңгелек үстел өткіздім. Оқушыларды мазалап жүрген сұрақтарына жауап беріп, пікірлерін тыңдап бағыт-бағдар бердім. Жас мамандардың проблемаларын шешу мақсатында «Жас маманға қандай көмек беру керек?» тақырыбында кәсіби сұхбат



өткіздім. Жас мамандардың проблемасын шешу үшін сабақта қолданылатын модульдер мен оның әдіс-тәсілдері жайлы тренингтер өткіздім. Оқушының оқу мен оқыту жайлы, мұғалімдер жайлы ой – пікірлерін білу үшін «Оқушы үні» жобасы кезеңінде сауалнама жүргіздім. Оқушыларға сапалы да тиынақты білім беру үшін пәнді жан-жақты игеріп, оқушы санасына жеткізе білу, шығармашылық ойын қалыптастыру оқушылардың белсенділіктері арқылы жүзеге асырылатынына әріптестеріммен пікірлесіп, қоғамдастықтағы көрші мектептермен тәжірибе алмасудан соң көз жеткіздім. Әріптестерімнің қолдауы мен белсенділіктері менің көшбасшылық жұмыстарымды шабыттандырды.

Курста менің алғаным көп, атап өтсем, курста бірге оқыған әріптестермен қауымдастық құрып, олармен ақылдасып, кеңесу мүмкіндігі туды, өзімнің қабілеттерімді аша түстім деуге болады және ең бастысы, мен көзқарасымды өзгерттім. Себебі, мен мұғаліммін, балаларға өмірлік жолын табуға бағыт берушімін, сол үшін үнемі алға ұмтылуға, жанашыл болуға міндеттімін. Қорыта айтқанда, А. Байтұрсынов атамыз былай деген екен: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы...». Демек, білім сапасын көтерудің негізгі тетігі ұстаздың бейімділігінде. Ал жанашыл ұстаз қандай болмақ деген сұраққа жауап іздеп көрсеніз, оны былай көрсете аламыз:

Мұғалім – рухани демеуші, мұғалім – программист, мұғалім – зерттеуші, мұғалім – эксперт, мұғалім – режиссер, мұғалім – тіл партнеры.  
Міне, осындай икемдігі бар ұстаз – жаңа заманның айнасы.